

<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ Санитариялық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесі</p>		<p>Республиканское государственное учреждение Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН</p>
<p>ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ</p>		<p>ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ</p>

ҚАУЛЫ

05.02.2021 ж.

Түркістан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 2

город Туркестан

**«Түркістан облысының аумағында
карантин мен шектеу шараларын
ұзарту туралы»**

Мен, Түркістан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Нышанов Нұрбек Садықбекұлы, Қазақстан Республикасының 2020 жылдың 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104 бабына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы №59 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №59), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы №59 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 27 қазандағы №61 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №61), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 02 қарашадағы №62 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №62), «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №67),

«Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №68), «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-

шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ 293/2020 бұйрығына,

Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысының хаттамаларына сәйкес, COVID-19 аурушандығының және вирусты пневмонияның тіркелуінің жалғасуына байланысты, Облыс тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуын алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін Түркістан облысының аумағында карантин және шектеу шаралары ұзартылсын.

2. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, мемлекеттік органдарға, құқық қорғау және арнайы органдарға:

1) көрермендердің қатысуынсыз, аудандардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда, бір мезгілде 100 адамнан аспайтын, көрермендердің қатысуынсыз (бос трибуналармен) Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен республикалық жарыстарды қоспағанда, бұқаралық іс-шараларды (мерекелік, спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды, форумдарды, конференцияларды, көрмелерді, семинарларды және т.б.) өткізуге тыйым салынсын;

2) ойын-сауық нысандарының (түнгі клубтар, компьютерлік клубтар, караоке, бильярд, боулинг орталықтары, жабық үй-жайлардағы балалар ойын алаңдары мен аттракциондары, батуттар және т.б.), букмекер кеңселерінің қызметіне тыйым салынсын;

3) қалалық, қоғамдық жағажайлардың, аквапарктердің қызметіне тыйым салынсын;

4) білім беру ұйымдарын қашықтықтан оқытуды, оның ішінде білімді бағалаудың барлық түрлерін қашықтықтан өткізу қамтамасыз етілсін;

5) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантинді және санитариялық-дезинфекциялық режим сақталсын;

6) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелерімен ойын-сауық объектілерінсіз саябақтарға, алаңдар мен скверлерге, жағалауларға және халықтың өзге де демалыс орындарына баруға рұқсат етілсін;

7) 65 жастан асқан адамдардың аса қажеттілік туындамаған жағдайда көшеге шығуы шектелсін;

8) тұрғылықты жері бойынша, адамдардың көп жиналуына байланысты кез келген жиындарды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын (еске алу, туған күндер, мерейтойлар, шығарып салу, құдалық, той, беташар және басқа);

9) жерлеу іс-шараларын жүргізу кезінде кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 30 адамға дейін (отбасы мүшелерінің) жиналуға рұқсат етілсін;

10) облыс аумағында маска кию режимі және кемінде 1,5-2 метр элеуметтік қашықтық сақталсын. Облыс тұрғындары мен қонақтары масканы үнемі тағып жүруге міндетті, әсіресе қоғамдық көліктерде, адамдар көп жиналатын орындарда (*бөлмелерде, кәсіпорындарда, мекемелерде, базарларда, сауда объектілерінде және т.б.*) және ашық ауадағы қоғамдық орындарда.

3. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, Түркістан облысының Кәсіпкерлер палатасының басшысына, Түркістан облысының Полиция департаментінің бастығына, Түркістан облысының Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысына, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және кәсіпорындардың басшыларына, заңды тұлғаларға, кәсіпкерлік субъектілеріне санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды және күшейтілген дезинфекциялық режимді сақтай отырып, келесі объектілердің қызметіне рұқсат етілсін:

1) «Қазпочта» АҚ қызметі күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен, штаттық режимде;

2) ХҚКО-ның қызметі күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен, штаттық режимде;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес, уақыты мен саны бойынша шектеулері бар қаржы нарығы субъектілерінің қызметі;

4) азық-түлік және азық-түлік емес ашық базарлардың қызметі жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін, демалыс күндері (сенбі-жексенбі) және мереке күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін, 1 келушіге 4 ш. м. 30% - дан асырмай толтырумен шектелсін;

5) азық-түлік және азық-түлік емес жабық базарлардың қызметі жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін, демалыс күндері (сенбі-жексенбі) және мереке күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін, 1 келушіге 4 ш. м. 30% - дан асырмай толтырумен шектелсін;

6) сауда ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің қызметін (30%-дан аспайтын толымдылығымен, 1 келушіге 4 ш.м.), ондағы орналасқан дәріханаларды, азық-түлік өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сату жөніндегі супермаркеттерді қоспағанда, жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) және сенбі күні сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін, жексенбі және мереке күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін;

7) азық-түлік гипермаркеттері, супермаркеттері, шағын маркеттері, үй жанындағы дүкендер қызметі сағат 09.00-ден 23.00-ге дейін;

8) алып кету және жеткізіп беру режиміндегі қоғамдық тамақтану объектілерін қоспағанда, қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне, жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) және сенбі күні сағат 09.00-ден 23.00-ге

дейін, жексенбі және мереке күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, шеткі көрші үстелдерден кемінде 2 м. әлеуметтік қашықтықты сақтап және бір столда 4-6 адамнан асырмай отырғызумен, ашық ауада және жабық бөлмеде залда 50-ден аспайтын отырғызу орыны орнатыла отырып (ұжымдық іс-шараларсыз) рұқсат етілсін;

9) сауда-ойын-сауық орталықтарындағы (жеке бөлмелерде) қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне, шеткі көрші үстелдерден кемінде 2 м. әлеуметтік қашықтықты сақтап және бір столда 4-6 адамнан асырмай отырғызумен, ұжымдық іс-шараларсыз, 50-ден аспайтын отырғызу орыны орнатыла отырып (30%-дан аспайтын толымдылығымен), жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) және сенбі күні сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін, жексенбі және мереке күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін рұқсат етілсін;

10) сауда саласындағы объектілердің, оның ішінде пісірілген өнімдерді, фастфудты, жұмсақ балмұздақты, сусындарды өткізу дүңгіршектері қызметі күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен сағат 09.00-ден 23.00-ге дейін;

11) құрылыс дүкендерінің қызметі, саяжай мүкәммалын сату дүкендері, оптика, гүл дүкендері, зоомагазиндердің қызметі сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін;

12) сұлулық салондарының, шаштараздардың, СПА-орталықтардың косметологиялық қызмет көрсететін объектілер қызметі (1 келушіге 4 ш.м. дейін, алдын ала жазылу бойынша, жазылу журналын жүргізумен, жазылу журналын нөмірлеу және тігу) сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін;

13) моншалар мен сауналардың қызметі (толымдылығы 50% - дан аспайтын, 1 келушіге 4 ш.м.) сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін;

14) мектепке дейінгі балалар мекемелерінің кезекші топтарының қызметі (15 адамнан артық емес);

15) балалар түзету кабинеттерінің/орталықтарының, балалар және ересектер білім беру орталықтарының қызметі, топтар–5 адамнан артық емес, алдын ала жазылу бойынша (тапсырыс журналын жүргізумен, журналды нөмірлеу және тігу) жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, демалыс (сенбі-жексенбі) және мереке күндері жұмысы тоқтатылсын;

16) медициналық орталықтардың (жазылу бойынша) қызметі аймақтарға бөлу (зонирования) талаптарын және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып жүргізілсін;

17) мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып қызметіне рұқсат етіледі. Бұл ретте кеңселік қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан жұмыс нысанында қалады (штаттық кесте бойынша 30-дан астам қызметкер болғанда);

18) ашық ауадағы аттракциондар қызметі (қашықтық, маскалар, ағынды реттеу) жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 10.00-ден 20.00-ге

дейін, демалыс (сенбі-жексенбі) және мереке күндері жұмысы тоқтатылсын;

19) халыққа қызмет көрсету жөніндегі объектілердің (типографиялық қызмет көрсететін объектілер, тігін шеберханасы, аяқ киім шеберханалары, тұрмыстық техника, аяқ киім мен киім жөндеу жөніндегі объектілер, химиялық тазалау, кір жуу, телефон, компьютер, сағат жөндеу) қызметі қалыпты режимде;

20) бизнес-орталықтардың (адвокаттың, нотариустың, бухгалтердің және консалтингтің қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары және т.б.) қызметі, жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, демалыс (сенбі-жексенбі) және мереке күндері жұмысы тоқтатылсын;

21) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, үздіксіз өндірістік циклі бар құрылыс, өнеркәсіп кәсіпорындарының, ашық ауадағы құрылыс жұмыстарының, ауыл шаруашылығы жұмыстарының, балық шаруашылығы мен мал шаруашылығының қызметі;

22) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, техникалық қызмет көрсету станцияларының, автожуу, шиномонтаждау, автобөлшектер дүкендерінің, «өзіне-өзі қызмет көрсетумен» автожуу қызметі қалыпты режимде;

23) жекелеген топтарды (вахталық қызметкерлер, медицина қызметкерлері, спортшылар) орналастыруға келісімі бар объектілерді және қызмет көрсететін (тамақтандыру, жуу, үтіктеу және басқалар) объектілерді қоспағанда, қуатының 80%-нан асырмай, халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы туризм объектілері мен ұйымдардың (қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері, туристік базалар және т. б.) қызметі;

24) мәдениет объектілерінің (30 адамға дейінгі жеке, топтық дайындықтар), кітапханалардың, мұражайлардың қызметі;

25) театрлардың қызметі (толымдылығы 50%-ға дейін, бірақ 100 адамнан артық емес, InfoKazakhstan.kz порталында тіркелу, маскалық режимді, әлеуметтік қашықтықты сақтау, шахмат тәрізді отырғызу);

26) діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т.б.) қызметі, діни объектілерде ұжымдық Құдайға құлшылық етуге және мешіттерде жұма намазын қоспағанда, толтырылуы 30%-ға дейін, бірақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен 100 адамнан артық емес, намаз (бес уақыт намаз) оқуға;

Жұма намаз сыйымдылығы 100 адамға дейін, тек ауылдық мешіттерде ұзақтығы 15 минуттан асырмай, толтырылуы бір адамға 4 ш.м. есебімен, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен (маскалық режимді сақтаумен, кіре берісте дене қызуын өлшеуге арналған термометрия жүргізу, қол алып сәлемдесусіз және басқа да байланыстарсыз, адамдар көп шоғырланатын жерлерде ауаны жиі залалсыздандыру – ауа рециркуляторын қолдану, барлық бөлмелердің ауасын күніне кемінде 5 реттен 15 минут ұзақтығымен тұрақты желдету жүргізу, антисептиктермен, дезинфекциялық заттармен қамтамасыз ету, Жұма намазға байланысты гигиеналық

процедураларды үйде жасау, адамдар арасында кемінде 1,5 метр қашықтықты сақтау) рұқсат етіледі;

27) облысшілік қалааралық, ауданаралық жолаушылар тасымалы (автобус, шағын автобус);

28) жеке форматтағы бассейндер қызметі (алдын ала жазылу бойынша 1 келушіге 5 ш.м. су айнасы есебінен, тіркеу журналын жүргізу, журналды нөмірлеу және тігу) сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін;

29) ашық ауада жеке және топтық жаттығулар (5 адамнан артық емес);

30) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығулар (30 адамнан артық емес, бір адамға 5 ш.м. кем емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру);

31) фитнес-орталықтар мен спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметі (30%-дан асырмай толымдылығы, бір адамға 5 ш.м. кем емес, алдын ала жазылу журналын жүргізу, жазылу журналын нөмірлеу және тігу, үй-жайларды бактерицидті шамдармен залалсыздандыру) сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін;

32) жаттығу залдарының қызметі (30%-дан асырмай толтырылу, бір адамға 5 ш.м. кем емес, алдын ала жазылу журналын жүргізу, жазылу журналын нөмірлеу және тігу) сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін;

33) спорт кешендерінің қызметі (30%-дан асырмай толтырылу, бір адамға 5 ш.м. кем емес, алдын ала жазылу журналын жүргізу, жазылу журналын нөмірлеу және тігу) сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін;

34) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың: мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, қорықтардың, резерваттардың және басқа нысандардың (бетперде киген жеке және ұйымдасқан топтар үшін 15 адамнан аспайтын, кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып) қызметі;

35) 2020-2021 оқу жылының екінші тоқсанынан бастап (ҚР ДСМ 2017 жылғы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық ережесінің 10. тарауына сәйкес):

- қалыпты режимде контингенті 5-тен 300 адамға дейінгі мектептерде, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін;

- жалпы білім беру мектептерінде кезекші сыныптар 1-ден 5-сыныпқа дейін, халықаралық мектептерде 7-сыныпқа дейін ата-аналардың өтініші бойынша сыныптардың жинақталуы 15 баладан аспайтын болса;

- оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас оқыту: пәндердің 70% - ы штаттық режимде, 30% - ын қашықтықтан оқытуға (сыныпта 15 адамнан артық емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 сынып-1-кабинет қағидаты бойынша оқыту, бір уақытта мектепте жобалық қуаттың 30%-ынан аспайтын адамның болуы, санитариялық-дезинфекциялық режимді, маскалық режимді күшейту);

36) алгоритмді сақтай отырып, кеңестерді (жиналыстарды) көзбе-көз өткізуге (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде);

37) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, арнайы мектеп-интернаттардың, жалпы типтегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметі (ҚР ДСМ 2017 жылғы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық ережесінің 10 тарауына сәйкес);

38) автомобиль базарларының қызметі (санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейте отырып, аптасына 1 күн - сәрсенбі күні);

39) өңірдегі эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК-ның қызметі;

40) санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейте отырып, элеуметтік қашықтық пен бетперде режимін сақтай отырып, толымдылығы 30% - дан аспайтын кинотеатрлар қызметі;

41) мал базарларының қызметі осы қаулының *1-қосымшасына* сәйкес жұмыс алгоритмін сақтай отырып, санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейте отырып, аптасына 1 күн - сәрсенбі күні, толымдылығы 30% - дан аспай;

42) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, автожанармай, газ құю станциялары, АЖБ жанындағы дүкендер, дәріханалар қызметі.

43) санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейте отырып, осы қаулыға *2-қосымшаға* сәйкес жұмыс алгоритмін сақтай отырып, 3 тоқсаннан бастап кезекші сыныптар үшін мектеп асханаларының жұмысына рұқсат етілсін (залды 30%-дан аспай толтырумен);

44) екінші семестрден бастап колледждер мен жоғары оқу орындарының 1 курс студенттері үшін штаттық оқытуға.

4. Меншік нысанына қарамастан Түркістан облысының жеке кәсіпкерлеріне және заңды тұлғаларға, кәсіпорындарының, ұйымдарының, мемлекеттік мекемелердің басшыларына:

1) маскалар, қолғаптар (халыққа қызмет көрсету кезінде) кию және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң түрде сақтау. Халыққа қызмет көрсететін объектілер қызметкерлерін уақтылы ауыстырылатын қолғаптармен және температураны өлшеуге арналған аспаптармен қосымша қамтамасыз ету;

2) қызметті жүзеге асыратын барлық объектілерде күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді (қолды өңдеуге арналған санитайзерлер, дезкілемшелер орнату, беткейлерді күніне кемінде екі рет өңдеу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ылғалды жинау, желдету) қамтамасыз ету;

3) қызметкерлер мен келушілердің санитариялық-карантиндік және шектеу шаралары талаптарын сақтауын қатаң бақылауды қамтамасыз етсін;

4) барлық объектілерде, оның ішінде қоғамдық көлікте, таксиде санитариялық-профилактикалық, санитариялық-эпидемияға қарсы және дезинфекциялық іс-шаралар өткізуді қамтамасыз ету.

5. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, Түркістан облысы бойынша жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысына, Түркістан облысының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысына, Түркістан облысының Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысына, меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау субъектілеріне және кәсіпкерлік субъектілеріне:

1) қалалық қоғамдық көлік жұмысы сағат 06:00-ден 23:00-ге дейін. Масканы міндетті түрде киюді және отыратын орындар саны бойынша толымдылығын бақылау;

2) қоғамдық көліктерде және аялдамаларда адамдардың көп шоғырлануын болдырмау мақсатында біркелкі қозғалыс кестесін белгілеу, жолаушылар көп мезгілдерде линияда (желіде) қоғамдық көліктің (автобустар, шағын автобустар) санын ұлғайту;

3) қоғамдық көлікті соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен өңдеуді, барлық есіктердің ашылуын, отыратын орындар саны бойынша толтырылуын, жолаушылар үшін қолжетімді орындарда тері антисептигі бар санитайзерлер орнатуды, міндетті түрде әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып жолаушылар мен жүргізушілердің маска тағуын қамтамасыз ету;

4) Түркістан облысының аумағын (саябақтар, скверлер, балалар ойын алаңдары, көп пәтерлі тұрғын үйлердің кіреберістері мен баспалдақ алаңдары) дезинфекциялаушы құралдарды қолдана отырып өңдеумен, оның ішінде автобус аялдамаларын, адамдар көп жиналатын орындарды және қоғамдық көлікті қамтуды қамтамасыз ету, өңдеуді карантин аяқталғанға дейін күн сайын жүргізу;

5) Түркістан облысының аумағында, шағын аудандарда, тұрғын алаптарында, көп қабатты үйлер мен ұйымдар аумағын жоспарлы-тұрақты тазартуды, қоқысты уақтылы шығаруды, қоқысқа арналған контейнерлерді тазалауды, жууды және дезинфекциялауды, қоқыс контейнерлеріне арналған алаңдарды тазалықта ұстауды қамтамасыз ету;

6) инфекциялық және провизорлық стационарлар аумағында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күн сайын өңдеу жүргізуді қамтамасыз ету.

6. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, Түркістан облысының Полиция департаментінің бастығына, Түркістан облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысына, Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қалалық және аудандық басқармаларының басшыларына, Түркістан облысының Кәсіпкерлер

палатасының басшысына, кәсіпкерлік субъектілері мен жеке тұлғаларға, қамтамасыз ету:

1) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкестік актісінің негізінде объектілердің қызметін қайта бастауды;

2) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіре берісінде санитариялық нормаларға сәйкестік актісін көрнекті жерге орналастыруды;

3) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтының жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

4) карантин режимін бұзу фактілерін және шағымдарды орналастыру үшін, бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлерге уақтылы шаралар қабылдауы мақсатында InfoKazakhstan.kz сайтын пайдалануды;

5) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілеріне тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

6) InfoKazakhstan.kz сайтындғы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуін;

7) объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде "InfoKazakhstan" электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық түрде беруді;

8) коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған санитариялық-дезинфекциялық іс-шараларды және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша өз қызметін қайта бастаған объектілермен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуді.

7. Түркістан облысының қала және аудан әкімдеріне, Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығына, Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасының басшысына:

1) өз жұмысын қайта бастаған объектілерді және қызметі шектелмеген объектілерді коронавирустық инфекциялардың таралуын болдырмауға бағытталған санитариялық-дезинфекциялық іс-шаралар мен санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторингпен қамтамасыз ету;

2) бұзушылықтар анықталған, карантин кезеңінде белгіленген шектеу іс-шараларын және басқа да талаптарды орындамаған кезде тиісті әкімшілік шаралар, оның ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес объектінің қызметін тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдансын;

3) халық арасында COVID-19 таралуының алдын алу жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

8. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) басқармасы жанындағы «Түркістан-адалдық алаңы» жобалық кеңсесіне, ҚР ДСМ медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысына, Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығына, ҚР ҰЭМ бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментінің басшысына, Түркістан облысының Кәсіпкерлер палатасының басшысына:

1) Түркістан облысы бойынша дәрілік заттардың болуы және шекті бағаның сақталуы бойынша мониторингтік топ құрылсын;

2) Түркістан облысы бойынша дәрілік заттардың болуы және шекті бағаны сақталуы бойынша мониторинг жүргізілсін.

9. Түркістан облысының Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысына, «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалының басшысына:

1) COVID-19-ды қадағалау шеңберінде ПТР әдісімен тестілеуді ұйымдастыруды және ПТР зертханалық тексерудің оң нәтижесі бар жағдайлар туралы хабарлауды қамтамасыз ету;

2) COVID-19-ға үлгілерді алуға және зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған тест-жүйелердің, диагностикалардың, шығыс материалдарының азаймайтын қорын қамтамасыз ету;

3) Тиісті контингентке тестілеу жүргізетін зертхана тестіленетін адамдардан оң нәтиже анықталған жағдайда журналға беру уақытын, қабылдаған адамның ТАӘ мен лауазымын тіркей отырып, 2 сағат ішінде Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне телефон арқылы хабардар етсін. Кейіннен 3 сағат ішінде оң нәтиже туралы хаттаманың көшірмесі берілсін;

4) медициналық ақпараттық жүйелерді «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК зертханалық ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етсін.

10. Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысына:

1) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес COVID-19 жұқтыру қаупі жоғары адамдар үшін оқшаулауды қамтамасыз етсін.

11. Мемлекеттік мекемелер және кәсіпкерлік субъектілеріне:

1) объектілер өз қызметін «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысымен бекітілген алгоритмдеріне сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

12. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Түркістан облысында карантиндік шектеу шараларын ұзарту туралы» Түркістан облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 15.01.2020 ж. №1 қаулысы;

13. Аудандардың және қалалардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері аймақта қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы.

14. Қаулыны меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндетті.

15. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволарға жеткізілсін, халықты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

16. Түркістан облысының аудан және қала әкімдері, Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы, аудандық және қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларының басшылары осы қаулының орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

17. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Түркістан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігері**



Н. Нышанов

Түркістан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің
2021 жылғы 05 ақпан
№ 2 қаулысына 1-қосымша

Карантин режимі кезінде мал базарларының жұмыс алгоритмі

1. Объектіге кіру рұқсаты:

1) мал базар әкімшілігі жұмыс жағдайымен infokazakhstan.kz сайтында міндетті түрде танысады және тиісті келісімге қол қояды.

2) кіретін жерде жұмыскерлер мен сатушылардың, келушілердің (сатып алушылардың) дене температурасын бақылау (күзет пункті), COVID-19 жоққа шығармайтын симптомдардың болуын сұрау (*құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, ентігу және т. б.*);

3) кіреберісте, сауда қатарларында әрбір 50-100 м сайын, санитариялық тораптарға кіреберісте тері антисептигі бар санитайзерлер орнату.

4) персонал мен келушілер үшін медициналық маскаларды міндетті түрде кию.

2. Жұмыс процесін ұйымдастыру:

1) келушілерге кіре беріс және шығатын жерлерге дезинфекциялық тосқауылдар мен төсеніштерді орнату;

2) келушілерге дезинфекциялық кәріздер (туннельдер) орнату;

3) адамдарға және жануарларға бөлек кірулер мен шығуларды қамтамасыз ету;

4) сатушы мен сатып алушы арасындағы, сондай-ақ келушілер арасындағы қашықтық 2 метрден кем болмауы тиіс;

5) қолғап пен маска үшін бөлек қоқыс жәшігін орнату;

6) айналаны таза ұстау, қоқыстарды уақтылы шығару, аптасына бір рет «санитарлық» күн белгілеу;

7) объект әкімшілігі әлеуметтік қашықтықты сақтау кезінде (1 адамға 4 шаршы метр сауда алаңы есебінен) объектінің жалпы сыйымдылығының 30% - нан аспайтын келушілермен толтырылуын қамтамасыз етеді;

8) санитариялық шараларды сақтау қажеттілігі туралы радиомен хабарлау 30 минутта кемінде 1 рет жүзеге асырылады;

9) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға жауапты адамды анықтау (температураны өлшеу, персоналға нұсқама беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен инвентарды өңдеу, үй-жайларды тазалау);

10) жұмыскерлер арасында жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау қажеттілігі туралы нұсқама жүргізу;

11) санитариялық тораптарды жеке гигиена құралдарымен қамтамасыз ету (сұйық сабын, антисептик);

12) сатып алушылар арасында бір метрден кем емес әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 5 адамнан артық кезектің пайда болуына жол бермеу, бір уақытта қызмет көрсетілетін келушілер санын шектеу;

13) базар қызметкерлері мен сатушылар қолдарын антисептиктермен өңдеу арқылы халыққа ауысымына кемінде екі рет және бүтіндігі бұзылған жағдайда ауыстыруға жататын бір рет қолданылатын қолғаптармен (келушілермен тікелей байланысатын қызметкерлер) қызмет көрсету;

14) техникалық персонал дезинфекциялауды жеке қорғаныш құралдарын (қолғаптар, медициналық маска) пайдалана отырып, арнайы киіммен жүргізуі керек;

15) жинау инвентары (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланылғаннан кейін жақсылап жуылады және арнайы бөлінген орындарда сақталады;

16) қолғаптарды, маскаларды/респираторларды жұмыс күні ішінде оларды уақтылы ауыстыру шартымен пайдалану;

17) есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, таяныштарды, жанасатын беттерді (*жабдықтарды, инвентарды, үстелдерді, орындықтарды*), ортақ пайдалану орындарын (*гардеробтар, тамақ ішу, демалу бөлмелері, санитариялық тораптар*) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды күніне кемінде 2 рет дезинфекциялай отырып ылғалды жинау;

18) үй-жайларды жинауға, қызметкерлердің қолын өңдеуге арналған дезинфекциялау және жуу құралдарының, тыныс алу ағзалары ЖҚК-сының азаймайтын қорын қамтамасыз ету;

19) дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімдері жоқ кәмелетке толған адамдар жіберіледі;

20) дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған жерде тығыз жабылған күйінде сақтайды. Дезинфекциялық іс-шараларды және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмекті жүргізу кезіндегі сақтық шаралары әрбір нақты дезинфекциялау құралы үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған;

21) дезинфекциялық тосқауылдар мен төсеніштерді жұмыс режимінде сақтау;

22) жануарларды ветеринариялық қарап тексеру және ветеринариялық құжаттарын тексеруді қамтамасыз ету үшін жануарларды қозғалтпай ұстап тұратын арнайы станокпен жабдықтау;

23) мал базарларға сатуға әкелінген жануарлардың ветеринариялық құжаттармен, сырғасымен, анықтамамен кіргізуін қамтамасыз ету;

24) жануарларды өткізу объектісіне әкелінген жануар туралы ақпаратты ауылшаруашылық жануарларын бірдейлендіру дерекқорымен салыстырып тексеру (мәліметтер: түрі және тұқымы, жынысы, жасы, түсі, сәйкестендіру нөмірі, ветеринариялық өңдеулері, диагностикалық зерттеулер нәтижелері, иесі, жануардың шыққан жері) үшін интернетке қолжетімділігі бар компьютермен қамтамасыз ету;

25) басқа облыстардан орын ауыстырылатын (әкелінген) ауыл шаруашылығы жануарлары облысқа әкелгеннен кейін жергілікті жерлерде карантинделгеннен кейін ғана мал базарларда сатылуын қамтамасыз ету (яғни, басқа облыстан әкелінген жануарлар тікелей мал базарға әкеп сатылуын тиым салу);

26) мал тұратын секциялар мен қашаларда ірі жануарлар үшін (түйелер, жылқылар, мүйізді ірі қара малдар) бір жануарға 3 м^2 , ұсақ жануарлар үшін (қойлар, ешкілер, шошқалар) - бір жануарға $1,7 - 2 \text{ м}^2$ көгендеу немесе орналастыру.

27) іргелес аумақты таза ұстау, әр жұмыс күнінен кейін көң мен қоқысты уақытында механикалық тазалауды, уақтылы шығаруды және базар дезинфекция жасауды қамтамасыз ету.

Түркістан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің
2021 жылғы 05 ақпан _
№ 2 қаулысына 2-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде білім беру ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Асхана мен білім беру объектісінің қызметкерлері арасында COVID-19-дың таралуына жол бермеу мақсатында:

- қағаз немесе электрондық тасығышта (білім беру объектісінің ғимаратынан оқшауланған кіру жағдайында) тіркей отырып, күнделікті «кіру сүзгісін» байланыссыз термометрия жүргізу және дене температурасы жоғары және (немесе) респираторлық инфекция белгілері (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) бар адамдарды міндетті түрде оқшаулау арқылы ұйымдастыру;

- объектіге кіреберісте қолды тері антисептигімен (оның ішінде орнатылған дозаторлар көмегімен) немесе дезинфекциялау сулықтарымен өңдеуге арналған орынды ұйымдастыру (білім беру объектісінің ғимаратынан оқшауланған кіретін жер болған жағдайда);

- тұрақты қол гигиенасы үшін ортақ пайдаланылатын орындарда (өндірістік үй-жайлар, санитариялық тораптар) қолды сабынмен жууға арналған қолжуғыштар (оның ішінде қабырға дозаторларымен жабдықталған), қолды тері антисептигімен өңдеуге арналған дозаторлар, жеке қағаз сүлгілер немесе электр сүлгілер, қақпағын ашуға арналған аяқ педалі бар қоқыс контейнерлерін орнату;

- персоналды келушілермен жұмыс істеу кезінде пайдалану үшін бір рет қолданылатын медициналық маскалармен (жұмыс ауысымының және маскаларды ауыстырудың ұзақтығына қарай 3 сағатта кемінде 1 рет), сондай-ақ қолды өңдеу үшін дезинфекциялау сулықтарымен немесе тері антисептиктерімен, қолғаптармен, дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз ету қажет. Бір рет қолданылатын маскаларды қайта пайдалануға, сондай-ақ ылғалданған маскаларды пайдалануға жол берілмейді;

- персоналдың жұмыс орындары арасында қашықтықты (1,5 метрден кем емес) сақтай отырып, олардың асхананың қызметтік өндірістік үй-жайларында объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті барынша аз мөлшерде болуын қамтамасыз ету;

- өндірістік процестермен (технологиялық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету, шикізат пен өнімді жеткізу) байланысты жұмыстарды орындайтын адамдарды қоспағанда, асхана қызметіне байланысты емес адамдардың кіруін шектеу;

- үзіліс және демалыс уақытында асхана қызметкерлерінің қозғалысын шектеу (объекті аумағынан шығу, лауазымдық міндеттерін орындаумен байланысты емес басқа учаскелерге бару);

- білім беру объектісінің оқушыларымен, оқытушылар құрамымен және персоналымен ғана байланысатын қызметкерлерді анықтау қажет.

2. Жіті респираторлық инфекциялар (температура 37°C жоғары, жөтел, мұрынның бітелуі) және басқа да инфекциялық аурулар белгілері бар асхана персоналы жұмысқа кіріспейді.

3. Асханаға кіреберісте және тамақтану залында қол жууға арналған жағдайлар, келушілердің қолын өңдеуге арналған тері антисептиктері көзделеді, олар көрінетін және қолжетімді жерлерде орнатылады.

4. Бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу мақсатында асхана тек оқушыларға, оқытушылар құрамына және білім беру объектісінің персоналына ғана қызмет көрсетеді.

5. Асхана қызметкерлері мен келушілер (оқушылар, оқытушылар құрамы, білім беру объектісінің персоналы) үшін асханаға кіру мүмкіндігінше бөлек көзделеді.

6. Асхананың толтырылуы тамақтану залының отыратын орындарының жобалық қуатынан 30%-дан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

7. Үстелдерді, орындықтарды және өзге де мүкәммалды орналастыруды үстелдер арасындағы және келушілер арасындағы кемінде 2 метр қашықтықты қамтамасыз етуді ескере отырып жүргізеді.

8. Асханалардың жұмыскерлері (сатушылар, аспаздар, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей байланысы бар басқа да жұмыскерлер) келушілерге қолын жиі өңдей отырып, бір рет қолданылатын маскамен (маскаларды ауыстыру 3 сағатта кемінде 1 рет) қызмет көрсетеді.

9. Асханаларда өзіне-өзі қызмет көрсету типі бойынша тарату жүргізілмейді.

10. Келушілердің қозғалысын бағыттау үшін еденге тиісті белгі қою, қоршаулар мен тосқауыл ленталарын қою арқылы әлеуметтік қашықтықты сақтау, адамдар жиналуы мүмкін жерлерге жол бермеу, кіретін және шығатын адамдардың қозғалыс ағынын бөлу мүмкіндігін көздеу қамтамасыз етіледі.

11. Асханаларда карантиндік шараларды сақтау мүмкін болмаған кезде қол гигиенасын сақтау үшін жағдайлар болғанда тамақты бір рет қолданылатын ыдыспен немесе кейіннен дезинфекциялай отырып, көп рет қолданылатын ланч-бокстармен сыныптарға жеткізу ұйымдастырылады.

12. Арасында кемінде 2 метр қашықтық сақтала отырып, 5 адамнан артық кезек құрылмайды.

13. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ететін жауапты қызметкер бекітіледі.

14. Буфет өнімдерін сату жеке қаптамада жүзеге асырылады.

15. Асхананың жұмыс режимі мектеп әкімшілігімен келісім бойынша тамақтану аяқталғаннан кейін (ағындар арасында) тамақтану залын жинау және дезинфекциялау үшін кемінде 40 минут үзіліспен белгіленеді.

2. Үй-жайлардағы ауаны зарарсыздандыру

16. Объектінің әкімшілігі ауа температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және баптау жүйелеріне ревизия (тазарту, жуу, дезинфекциялау, сүзгілерді ауыстыру және т.б.) жүргізеді. Барлық үй-жайларды желдету кемінде күніне 3 рет жүргізіледі.

17. Желдету және ауаны баптау жүйесін тазарту және дезинфекциялау жоспарлы профилактикалық жұмыстардың кестесіне сәйкес жүргізіледі.

3. Үй-жайларды жинауға қойылатын талаптар

18. Залдарда рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күн сайын жинау жүргізіледі. Дезинфекциялау құралдарымен жұмыстың барлық түрлерін ылғал өткізбейтін герметикалық қолғаптарда орындау керек.

19. Объектілерді дезинфекциялау мынадай еселікпен жүргізіледі:

- тамақтану залының едендері, сауда сөрелері – күніне кемінде 2 рет таңертең және кешке, сондай-ақ қажеттілік бойынша;

- подностар, тамақ тарату лентасы, есік тұтқалары, кассалық аппараттар, банк терминалы – әр 3 сағат сайын;

- қоғамдық санитариялық тораптар (еден, санитариялық-техникалық жабдық, оның ішінде кран вентильдері, унитаз бөшекелерінің су ағызатын тетіктері), таяныштар, лифт түймелері – күніне кемінде 3 рет.

Жинау мүкәммалы жинау жүргізілгеннен кейін міндетті түрде дезинфекциялануы тиіс.

20. Дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген және қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерінің бірыңғай тізіліміне енгізілген құралдар қолданылады.

21. Дезинфекциялау жүргізу кезінде экспозиция уақытын (өңделетін объектінің бетінде дезинфекциялау құралының жұмыс ерітіндісінің болу уақыты) және дезинфекциялау құралының жұмыс ерітіндісінің шоғырлануын препаратқа арналған нұсқаулыққа сәйкес қатаң сақтаған дұрыс.

22. Өндеуден кейін беті сумен жуылады және қағаз сүлгілермен, бір рет қолданылатын сулықтармен немесе шүберекпен кептіріледі. Дезинфекциялау құралын пайдалану регламенті дезинфекциялау құралын қолдану жөніндегі нұсқаулықта айқындалған, онда дезинфекциялау құралын экспозициясынан кейін оны жуу қажеттілігі немесе қажеттілігінің болмауы түсіндіріледі.

23. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (жұмыс ауысымының ұзақтығы 6 сағаттан көп болса – әр 6 сағат сайын) үй-жайларды дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқаларын (креслолардың шынтақ тіректерін), тамақтану залына (асханаға) кіреберістегі қол жууға арналған раковиналарды, өзіне-өзі қызмет көрсету сөрелеріне ылғалды жинау жүргізіледі.

24. Әрбір объектіде шүберекке, жинау мүкәммалына есепті қажеттілікке қарай дезинфекциялау құралдарының азаймайтын қоры жасалады.

25. Дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамаларында, балалардың қолы жетпейтін, арнайы бөлінген құрғақ жерде тығыз жабылған күйінде сақтайды. Дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу кезіндегі сақтық шаралары және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек әрбір нақты дезинфекциялау құралына арналған оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.».

Түркістан облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы 25 ақпан
№ 2 қаулысына 3- қосымша

COVID-19-ды жұқтыру тәуекелі жоғары болған адамдар үшін оқшаулау және байланыста болған адамдарды тасымалдау тәртібі

I. COVID-19-ды жұқтыру тәуекелі жоғары болған адамдарды оқшаулау тәртібі

1. COVID-19-ды жұқтыру тәуекелі жоғары болған адамдар тәуекел дәрежесіне байланысты жақын және ықтимал байланыс болып бөлінеді. COVID-19 расталған жағдайының жақын байланысы:

- COVID-19 жағдайымен бір тұрғын үйде бірге тұратын адам;
- COVID-19 науқасымен немесе COVID-19 жағдайының инфекциялық бөлінділерімен қорғалмаған тікелей байланыста болған адам (мысалы, жөтелу, қол алысу кезінде және т.б.);
- COVID-19 жағдайымен 15 минуттан және одан артық уақыт жабық үй-жайда бірге болған адам (мысалы, сынып, кеңес өткізуге арналған бөлме, ауруханадағы күту бөлмесі және т.б.);
- COVID-19 жағдайына тікелей күтімді қамтамасыз ететін медицина қызметкері немесе басқа да адам немесе ұсынылған ЖҚҚ-сыз не ЖҚҚ-ны қолдануды бұзу мүмкіндігімен COVID-19 жағдайының биоүлгілерімен жұмыс істеген зертхана мамандары;
- ұшақта, қалааралық қатынастағы автобуста, поезда, COVID-19 жағдайынан кез келген бағытта екі орындық арақашықтықта болған байланыста болған адам, сондай-ақ COVID-19 науқасы ұшқан ұшақтың секциясына қызмет көрсеткен экипаж мүшелері ретінде айқындалады.

Жақын байланыста болғандарды анықтау үшін эпидемиологиялық байланыстарды тергеп-тексеру кезеңі COVID-19 жағдайында симптомдар пайда болғанға дейін 48 сағат бұрын басталуы және COVID-19 жағдайын оқшаулау сәтімен аяқталуы тиіс.

2. Шетелден келген дене температурасы жоғары адамдар COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізу үшін 2 тәулікке оқшаулауға жатады. COVID-19-ға зертханалық тексеру нәтижелерін алғаннан кейін оң нәтижесі бар адамдар инфекциялық стационарға ауыстырылады, COVID-19-ға теріс нәтижесі бар адамдар тиісті қолхат ала отырып, COVID-19-ға ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі.

3. COVID-19-бен ауыратын науқаспен байланыста болған (жақын байланыс) адамдар 14 күнге үйде оқшаулауға (үй карантині) жатады.

Оқшаулаудың 3-ші және 12-ші күні байланыста болған адамға (жақын байланыс) COVID-19-ға ПТР әдісімен зертханалық тексеру жүргізіледі.

Оқшаулаудың 12-ші күні алынған ПТР зерттеу нәтижесі теріс болған жағдайда 14 күн өткеннен кейін карантин және оқшаулау аяқталады. ПТР нәтижелері оң болған жағдайда оқшаулаудың 14-ші күні клиникалық симптомдар болмаған жағдайда, МСАК маманы COVID-19 алдын алу шараларын сақтау қажеттілігі туралы ұсыныстар береді

(медициналық масканы, антисептиктерді пайдалану, қол гигиенасы, әлеуметтік қашықтық).

4. Симптомсыз вирус тасымалдаушылық кезінде оқшаулау жағдайлары болған кезде COVID-19 науқаспен соңғы байланыста болған сәттен бастап 14 күнге амбулаториялық жағдайда медициналық бақылауға және үйде оқшаулауға (үй карантині) жатады. Бекітілген алгоритмге сәйкес қауіп факторлары болған және үйде оқшаулау үшін жағдайлар болмаған кезде емдеуге жатқызу туралы шешімді МСАК маманы әрбір жағдайда жеке қабылдайды.

Учаскелік терапевт күн сайын коронавирустық инфекцияның клиникалық симптомдарының болуына үй карантиніндегі симптомсыз вирус тасымалдаушыға қоңырау шалуға міндетті.

COVID-19 науқастарымен соңғы байланыста болған сәттен бастап 14 күн ішінде клиникалық симптомдар болмаған жағдайда карантин аяқталады.

Карантин аяқталған кезде МСАК маманы симптомсыз вирус тасымалдаушыға COVID-19 алдын алу шараларын сақтау қажеттілігі туралы ұсынымдар береді (медициналық масканы, антисептиктерді пайдалану, қол гигиенасы, әлеуметтік қашықтық).

Үй карантиніндегі симптомсыз вирус тасымалдаушыда аурудың клиникалық белгілері пайда болған кезде (дене қызуының 38 градусқа дейін және одан жоғары көтерілуі, тамақтың жыбырлауы және/немесе ауыруы, әлсіздік, жөтел, бас ауыруы, енгігу, тыныс алудың қиындауы және коронавирустық инфекцияның басқа да симптомдары) учаскелік терапевт COVID-19 ауыратын науқасқа Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесіне шұғыл хабарлама береді.

Жедел хабарлама келіп түскен Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесі осы COVID-19 науқасты тіркеуді және есепке алуды жүзеге асырады, оны симптомсыз вирус тасымалдаушыларды есепке алудан алып тастайды, сондай-ақ симптомсыз вирус тасымалдау жағдайларының манифестік нысандарға (симптомдары бар жағдайлар) көшуінің жеке статистикасын жүргізеді.